

Дериваттар тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 16 ақпандағы № 18-03/105 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 18 наурызда № 10482 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 13-бабы 1-тармағының 18-14) тармақшасына және «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 9-бабы 1-тармағының 68) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған дериваттар тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр *А. Мамытбеков*
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғы М и н и с т р і н і ң
2 0 1 5 ж ы л ғ ы 1 6 а қ п а н д а ғы
№ 1 8 - 0 3 / 1 0 5 б ұ й р ы ғы м е н
бекітілген

Дериваттар тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.10.2015 № 18-03/947 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Өсімдіктер туындысы	
1	Ағаш безі
2	Баданалар
3	Бүршік

4	Жеміс
5	Қосалқы сүрек ресурстары (материалдар)
6	Өркендер
7	Саңырауқұлақтар
8	Тамыр, тамырсабак
9	Тұқым
10	Түйіндер
11	Шайыр және ағаш шырындары
2. Өсімдіктерден және олардың туындыларынан өндірілген өнім	
1	Ағаш көмірі
2	Ағаш өнімдері
3	Гербарийлер
4	Жабайы өсімдіктерден алынатын май
5	Жиһаз бөлшектері
6	Өркеннен алынған шыбықтар
7	Кәдесыйлық бұйымдар
3. Жануарлар туындысы	
1	Май
2	Уылдырық
3	Тері
4	Қан
5	Аю өті
6	Балықтың жыныстық бездері (гонадалары)
7	Мүйіз және тұяқ
8	Су омыртқасыздарының жұмыртқалары
9	Жұмыртқа
4. Жануарлардан және оның туындыларынан өндірілген өнім	
1	Галантериялық бұйымдар
2	Медициналық препараттар
3	Кәдесый бұйымдары
4	Тұлып
5	Зергерлік бұйымдар

Ескертпе: Дериваттар тізбесі Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерінің халықаралық саудасы туралы конвенцияның талаптарын орындау үшін әзірленген.